

Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2009 жылғы 5 мамырдағы № 202 шешімі. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 маусымда № 9-4-144 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2013 жылғы 4 қаңтардағы № 86 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 04.01.2013 № 86 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36-бабына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Базарлардың аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, Лисаков қаласының базарларында тауарлар өткізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2010.09.22 № 369 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

2. Қызметі дүркін-дүркін сипатта болып, қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны белгіленсін: сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағандарда)

тұқым, сондай-ақ, отырғызылатын материал (екпелер, көшет) – 50 теңге; қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері – 25 теңге.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2009.07.24 № 220 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараныз); 2009.10.02 № 241 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараныз); 2010.09.22 № 369 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімдерімен.

3. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес біржолғы талондардың құнын белгілеу мәселелері бойынша мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды

д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы шешім оны алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К е з е к т е н т ы с
с е с с и я н ы ң т ө р а й ы м ы ,
қалалық мәслихатының хатшысы Т. Кривошея
КЕЛІСІЛДІ

" Л и с а к о в қ а л а с ы
б о й ы н ш а с а л ы қ б а с қ а р м а с ы "
мемлекеттік мекемесінің бастығы М. Ұржанов

М ә с л и х а т т ы ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 5 м а м ы р д а ғ ы
№ 202 шешіміне 1-қосымша

Базарлардың аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, Лисаков қаласының базарларында тауарлар өткізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны

Ескерту. 1-қосымша жана редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2010.09.22 № 369 (алғашқы рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) шешімімен.

№	Базардың атауы, орналасқан жері	Қызметтің түрі	Объектінің алаңы	Біржолғы талонның құны (теңге)
1	2	3	4	5
1.	Екінші шағын ауданындағы санатты базары "Довлан"	2 Азық-түлік тауарларын сату	Бір орны сауда	140
2.	Екінші шағын ауданындағы санатты базары "Довлан"	2 Азық-түлік тауарларын сату	емес Бір орны сауда	110
3.	Бірінші шағын ауданындағы санатты азық-түлік шағын базары емес	3 Шаруашылық тауарларын, автомобилдік қосалқы бөлшектерін сату	Бір орны сауда	25

4.	Бесінші ауданындағы санатты шағын базары	шағын 3 әмбебап	Азық-түлік және азық-түлік тауарларын сату	және емес	Бір орны	сауда	25
5.	Алтыншы ауданындағы санатты үйі" базары	шағын 3 "Сауда әмбебап	Азық-түлік тауарларын сату		Бір орны	сауда	140
6.	Алтыншы ауданындағы санатты үйі" базары	шағын 3 "Сауда әмбебап	Азық-түлік тауарларын сату	емес	Бір орны	сауда	110

М ә с л и х а т т ы ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 5 м а м ы р д а ғ ы
№ 202 шешіміне 2-қосымша

Біржолғы талондардың құнын белгілеу мәселелері бойынша мәслихаттың кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1. "Лисаков қаласының базарларындағы сатушылар үшін біржолғы талондардың құнын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1217 болып тіркелген, 2002 жылғы 22 ақпанда № 8 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) 2002 жылғы 7 қаңтардағы № 180 мәслихаттың шешімі.

2. "Лисаков қаласының базарларындағы сатушылар үшін біржолғы талондардың құнын бекіту туралы" 2002 жылғы 7 қаңтардағы № 180 шешіміне толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1560 болып тіркелген, 2002 жылғы 14 маусымда № 24 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) 2002 жылғы 23 мамырдағы № 212 мәслихаттың шешімі.

3. "4 шағын аудандағы шағын базарда сатушылар үшін біржолғы талондардың құнын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1789 болып тіркелген, 2002 жылғы 17 қазанда № 42 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) 2002 жылғы 20 қыркүйектегі № 232 мәслихаттың шешімі.

4. "Лисаков қаласының базарларындағы сатушылар үшін біржолғы талондардың құнын бекіту туралы" 2002 жылғы 7 қаңтардағы № 180 шешіміне өзгерістер енгізу туралы (мемлекеттік тіркеу нөмірі 1217)" (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2196 болып тіркелген,

2003 жылғы 15 мамырда № 20 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) 2003 жылғы 16 сәуірдегі № 261 мәслихаттың шешімі.

5. "Үшінші шағын аудандағы шағын-базарда сатушылар үшін біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-20 болып тіркелген, 2005 жылғы 18 тамызда № 33 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) 2005 жылғы 11 шілдедегі № 169 мәслихаттың шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК